

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы 2020-2021 оқу жылының бакалавриаттың 1 курс студенттеріне қысқы семестр қорытынды бақылау емтиханын өткізу нұсқауы

Емтихан өткізу ережелері

Емтихан болатын күні, басталардан 30 минут бұрын студенттер емтиханға прокторлық нұсқаулық талаптарына сәйкес дайындалуы керек.

Студенттер емтихан ережелерімен және прокторлық нұсқаулығымен Univer АЖ-де танысуы керек. Сұрақтар реттеу автоматты түрде жүзеге асырылады. Өту балы – 50.

Бағалау саясаты

Тест аяқталғаннан кейін тест нәтижелері автоматты түрде шығады. 72 сағат ішінде тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралады. Тәртіп бұзушылық болмаған жағдайда баллдар автоматты түрде емтихан ведомосына ауыстырылады. Бұзушылық анықталған жағдайда баллдар жойылады.

Емтиханды өткізу кестесі

Студенттер емтихан күнін UNIVER АЖ-нен таба алады.

Тест сұрақтарының саны

Бакалавриаттың 1 курс студенттері үшін емтихан "Univer жүйесіндегі Тест" тестілеу түрінде өткізіледі және оған мыналар кіреді:

- 40 лексика-грамматикалық сұрақ;
- 2 мәтін 10 тапсырмамен.

1. Бірінші тапсырма: лексика-грамматикалық тест (сұрақтар).

Емтиханның бұл кезеңінде тілдің лексикалық-грамматикалық және прагматикалық білім жүйесін дұрыс қолдану мүмкіндігі тексеріледі.

Тапсырманың мазмұны:

- а) белгілі бір әлеуметтік / білім беру жағдайында мәтінді талқылау үрдісінде лингвистикалық және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдау.

2. Екінші тапсырма: тапсырмалары бар мәтін.

Емтиханның осы кезеңінде мәтіннің негізгі мазмұнын терең түсіну, оның жазбаша сөйлеудегі негізгі мағыналарын түсіну, мәтіннен жеке фактілер мен маңызды мәліметтерді алу мүмкіндігі тексеріледі. Тапсырманың мазмұны:

- а) тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауды жүзеге асыру.

Тестілеу ұзақтығы:

* Univer АЖ-де -60 сұраққа 90 минут, 1 мүмкіндік беріледі.